

Сапаны қамтамасыз ету саясаты

МАҚСАТ: «Compass Kazakhstan» мекемесі тапсырыс берушілердің талаптарын үнемі қанағаттандыра отырып жоғары сапалы өндірістік және көлік қызметтерін уақтылы және қауіпсіз түрде көрсетуді міндетіне алады.

МІНДЕТ: «Compass Kazakhstan» мекемесінің ұзақ мерзімді табысты еңбегі, оның адамдар мен қоршаған ортаны қорғауға қамқорлық таныта отырып тұтынушыларға ұсынылатын қызмет пен өнім сапасын әрдайым арттырумен тығыз байланысты. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге, қоршаған ортаны қорғауға, сапаны арттыруға және жұртшылықтың әл-ауқатын арттыруға басым назар аударылуы тиіс.

Бұл міндеттеме біздің барлық мүдделі тараптардың – біздің клиенттеріміздің, біздің қызметкерлеріміздің, мердігерлердің және біз өмір сүріп және жұмыс істеп жатқан қоғамдастықтардың мүдделеріне сәйкес келеді.

МЫ ОБЯЗУЕМСЯ:

- Тапсырыс берушілердің нақты талаптарына сәйкес келіп олардың талаптарын үздіксіз қанағаттандыруды қамтамасыз етуді;
- Басқару жүйесін тиімді қолдану арқылы өндірістегі еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласында мақсаттарды белгілеуді, нәтижелерді бағалауды, технологиялық процестерді, көрсетілетін қызметтерді және өнім сапасын үздіксіз бағалауды және жетілдіруді;
- Қызметкерлердің денсаулығын, қауіпсіздік техникасын, қауіпсіздігін қорғауға және жақсартуға үнемі ұмтылуды;
- Сапаны қамтамасыз ету саласындағы сәйкессіздіктерді жоюды;
- Мүдделі тараптармен ашық байланыс орнату және біздің ережелерімізді, стандарттарымызды, бағдарламаларды және өндірістік мақсаттарды түсінуді қамтамасыз ету;
- Сапаны қамтамасыз ету саласындағы тамаша жетістіктерді тану және мадақтау;
- Біздің барлық көрсетілетін қызметтеріміздің қауіпсіздік техникасы мен нормативтік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- Қызметкерлердің тиісті біліктілігін, оқудан өтуін және өздеріне жүктелген міндеттерді орындауға өкілеттіліктерін қамтамасыз етуді;
- Ұйымға, тапсырыс берушілерге және мердігерлерге біздің қызметіміз төндіретін қауіп-қатерлерді азайту.

Сапаны сақтауға деген шынайы берілгендік өндірістік жүйелерді, қауіпсіздік жүйелерін тиімді және дәйекті іске асыру және басқару қағидаларына негізделген және біздің қызметкерлеріміздің біліктілігін дамыту тапсырыс берушілеріміздің сұраныстары мен талаптарын ұдайы қанағаттандыруда өз нәтижесін береді. Болашақта біздің

мекемеіміздің ойдағыдай дамуы мақсатында біз өндірістің дамуына және сапа жүйесін мекемеге түгелдей енгізуге негізделген стратегияның маңыздылығын жете ұғынамыз.

Бұдан басқа, осы міндеттеме мекеменің іскерлік талаптарын көрсететін басқару жүйесін енгізуге негізделген. Бұл басқару жүйесі Компания қызметінің барлық тиісті бағыттары бойынша және барлық деңгейдегі нақты стандарттар мен әдістемелік нұсқауларды қамтитын «Сапа жөніндегі нұсқаулық» құрамында айқындалған.

Біздің мақсатымыз – басқарушы топ тарапынан сапаның белгілі бір және өлшенетін мақсаттарын жоспарлау, мақсат қою және іске асыру және сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін үнемі қайта қарау арқылы мекеменің қызметін үздіксіз жетілдіру арқылы алға қойған мақсаттарға қол жеткізу.

Мекеме өзінің басқару жүйесінің ең кемінде, өз қызметкерлерінің, тапсырыс берушілерінің талаптарына жауап беретініне, ISO 9001 сапа менеджменті жүйесінің стандарт талаптарына және барлық заңнамалық және нормативтік-құқықтық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге ниетті.

Сапаны қамтамасыз ету саясаты қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне аударылды және осы тілдерде қол жетімді және «Compass Kazakhstan» мекемесінің қызметкерлерінің қаперіне жеткізіледі.



Майкл Тэйлор

Бас Директор
Compass Group Kazakhstan